<p>2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі эмитенттің іс-әрекетінің тәртібі</p>	<p>Осы шығарылымның 12 бабының 1) тармағында көрсетілген, қосымша шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Эмитент бұзушылық пайда болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы бұзушылық туралы ақпарат ұстаушыларға бұзушылықтың себебін, осы бұзушылықты жоюдың әдісі мен уақытын толық сипаттай отырып, эмитенттің ресми сайтында (<a href="http://www.ttc.kz">www.ttc.kz</a>) ақпараттық хабарлама жіберу арқылы, сондай-ақ Қор биржасының ресми интернет-ресурсында (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>) және қаржылық есептілік депозитарийінің Интернет - ресурсында (<a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a>) ақпаратты орналастыру жолымен, облигациялар ұстаушыларға хабарлайды.</p> <p>Эмитенттің Директорлар кеңесі өтеу туралы бірінші жазбаша өтінішті алған күннен кейінгі 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде облигацияларды өтеу туралы шешім қабылдайды:</p> <p>(i) есептелген сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағада цене;</p> <p>(ii) облигациялардың әділ нарықтық бағасы.</p> <p>Директорлар кеңесі облигацияларды өтеу күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде эмитенттің ресми сайтында (<a href="http://www.ttc.kz">www.ttc.kz</a>), және/немесе Эмитенттің жарғысымен белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ Қор биржасының ресми сайты (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>) және Қаржы есептілігінің Депозитарийінің ресми сайтында (<a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a>) хабарламаны орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушылардың өтеу облигацияларын өтеу күні туралы хабарлайды</p> <p>Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу мерзімі мен тәртібі туралы шешім шығарған күннен бастап 40 (қырық) күн ішінде Эмитент облигацияларды сатып алуды жүзеге асырады.</p>
<p>3) ковенанттар бұзылған кездегі облигация ұстаушылардың іс-әрекетінің тәртібі</p>	<p>Осы шығарылымның 12 бабының 1) тармағында көрсетілген, қосымша шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылар бұзушылықтар туралы ақпарат жарияланған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде эмитентке оның облигацияларын өтеу туралы жазбаша өтінішін жіберуге құқығы бар.</p> <p>Облигация иесі барлық қажетті мәліметтерді көрсете отырып, өтінішті еркін нысанда беруге міндетті:</p> <p><b>Заңды тұлға үшін:</b> облигация ұстаушысының атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі; нөмірі, берілген күні және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті (анықтама) берген орган; заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жері; телефондар; банктік деректемелер; сатып алынатын облигациялардың саны мен түрі;</p> <p><b>Жеке тұлға үшін:</b> облигация ұстаушысының тегі, аты және бар болса, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; құжатты берген күні, күні және өкілеттігі сәйкестендіру; тұрғылықты жері; телефондар; Банктік деректемелер; сатып алынатын облигациялардың саны мен түрі.</p>

	Облигацияларды сатып алуға жазбаша өтінім бермеген облигацияларды ұстаушылар облигацияларды осы Облигациялардың шығарылымда көрсетілген айналыс мерзімінің соңында өтеуге құқылы.
--	---

**5 БӨЛІМ. ЭМИССИЯЛЫҚ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРДЫ КОНВЕРТАЦИЯЛАУ ШАРТТАРЫ,  
МЕРЗІМДЕРІ МЕН ТӘРТІБІ (КОНВЕРТАЦИЯЛАНАТЫН ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ШЫҒАРУ  
КЕЗІНДЕ**

**13. Конвертацияланатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:**

- 1) облигациялар конвертацияланатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасын айқындау тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар;
- 2) облигацияларды конвертациялау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланатын болса, конвертациялау аяқталған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланбайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

Қолданылмайды. Шығарылған облигациялар конвертацияланатын болып табылмайды.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 61-10-тармағында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға конвертациялау талаптарын көрсетеді.

Эмитент банк болып табылмайды.

**6 БӨЛІМ. ШЫҒАРЫЛҒАН ОБЛИГАЦИЯЛАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ТОЛЫҚ  
НЕМЕСЕ ІШІНАРА ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ОБЛИГАЦИЯЛАР ЭМИТЕНТІ  
МҮЛКІНІҢ ҚҰНЫН КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП, ОСЫ МҮЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР  
(ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР БОЙЫНША)**

**14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:**

- 1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;
- 2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;
- 3) кепіл затын өндіріп алуға өтініш беру тәртібі.

Қолданылмайды. Бұл Облигациялар шығарылымы кепілденген болып табылмайды.

**15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе).**

Қолданылмайды. Бұл Облигациялар шығарылымы кепілденген болып табылмайды.

**16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері.**

Қолданылмайды. Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.

## 7 БӨЛІМ. ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУДАН АЛЫНҒАН АҚШАНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ НЫСАНАЛЫ МАҚСАТЫ

### 17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

1) эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары;

Эмитент Облигацияларды орналастырудан алынған ақша қаражаттарын қолданыстағы қарыздарды қайта қаржыландыруға, ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялар саласындағы болашағы бар инвестициялық жобаларды іске асыруға жұмсауды жоспарлап отыр.

2) инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде облигациялар ұстаушылар өкілінің қызметіне онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі.

Қолданылмайды. Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.

18. Эмитент бұрын орналастырған, айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

Қолданылмайды.

## 8 БӨЛІМ. ЭМИТЕНТТІҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН (АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ САТЫП АЛҒАНДАРЫН ҚОСПАҒАНДА) АКЦИЯЛАРЫНЫҢ (ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛҒА ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІНІҢ) ОН ЖӘНЕ ОДАН ДА КӨП ПАЙЫЗЫН ИЕЛЕНЕТІН ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ ТУРАЛЫ НЕМЕСЕ ІРІ АКЦИОНЕРЛЕРІ (ҚАТЫСУШЫЛАРЫ) ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

19. Эмитенттің орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) акционерлік қоғам сатып алғандарды қоспағанда) он және одан да көп пайызын иеленетін құрылтайшылары немесе ірі акционерлері (қатысушылар) туралы мәліметтер:

1) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (жеке тұлға үшін);

2) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) толық атауы, орналасқан жері (заңды тұлға үшін);

3) құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы;

4) құрылтайшысы немесе ірі акционері (қатысушысы) дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызын иеленген күн.

Акционердің атауы	Орналасқан жері	Дауыс беретін акцияларының үлесі	Акционердің дауыс беретін акцияның 10 және одан көп пайызын иеленген күні
«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы	Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы Д. Кунаев көш., б	51%	09.11.1999
Муханов Марлен Савитович	Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы	49%	17.06.2016

**9 БӨЛІМ. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНЫ ЖӘНЕ АТҚАРУ ОРГАНЫ ТУРАЛЫ  
МӘЛІМЕТТЕР**

**20. Эмитенттің басқару органы туралы мәліметтер**

1) Директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңесінің төрағасы және мүшелерінің (директорлар кеңесі құрамындағы тәуелсіз (тәуелді) директор (директорлар) екенін көрсетіп) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

2) Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланған уақыты, хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек жолы туралы мәліметтер;

3) эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының немесе эмитенттің бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы;

4) эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарындағы директорлар кеңесі немесе бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы.

Директорлар кеңесі төрағасының және мүшелерінің аты-жөні	Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланған уақыты, хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек жолы туралы мәліметтер	Эмитенттің дауыс беретін акцияларының эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы санына пайыздық арақатынасы
<p><b>Директорлар кеңесі төрағасы</b> Абденов Серик Сакбалдиевич 1977ж.т.</p>	<p>08.2016 - 11.2016 ж. - «КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Вице-президенті;</p> <p>11.2016 - 12.2016 ж. - «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Басқарма төрағасының корпоративтік мәселелер жөніндегі орынбасары</p> <p>12.2016 - 07.03.2019 ж. - «КазМұнайГаз» барлау өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p><b>Сайланған уақыты:</b> 07.03.2019 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін – «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.</p>	<p align="center">0%</p>
<p><b>Директорлар кеңесінің мүшесі</b> Алиев Нурали Рахатович 1985 ж/т.</p>	<p>2014 - 2016 ж. – Астана қ. Әкімдігі – Әкімнің орынбасары</p> <p>2017 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін – Қазақстан Республикасының альпинизм және құзға шығу Федерациясының президенті</p> <p><b>Сайланған уақыты:</b> 04.08.2019 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін – «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.</p>	<p align="center">0%</p>
<p><b>Директорлар кеңесінің мүшесі</b> Муханов Марлен Савитович 1982 ж/т.</p>	<p>2007 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін - «Нұрбанк» АҚ корпоративтік бизнес басқармасының басшысы;</p> <p>2008 - 07.2019 ж. - «Capital Holding» ЖШС бас директоры</p> <p><b>Дата избрания:</b> <b>Сайланған уақыты:</b> 04.08.2019 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін – «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.</p>	<p align="center">49%</p>
<p><b>Директорлар кеңесінің мүшесі</b> Селиканов Арыстан Каирбекович 1981 ж/т.</p>	<p>04.2014 - 02.2017 ж. – «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ халықаралық келісімшарттар департаментінің жетекші заңгері</p> <p>02.2017 - 01.2018 ж. - «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ халықаралық келісімшарттар департаменті директорының орынбасары</p> <p>01.2018 г. - 01.2019 г. - директор департаменті правового обеспечения дивизионов АО «НК» Казмұнайгаз»</p> <p>01.2019 - 03.2019 ж. - «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы құқықтық қамтамасыз ету тобы жетекшісінің м.а.</p> <p>03.2019 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры</p> <p><b>Сайланған уақыты:</b></p>	<p align="center">0%</p>



	04.08.2019 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін – «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.	
<b>Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор</b> Досмукаматов Канат Мухаметкаримович 1973 ж/т.	2015 - 2016 ж. – «Қазақстан Даму банкі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары; 2016 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін – «Полиметалл Евразия» ЖШС бас директоры; <b>Сайланған уақыты:</b> 04.08.2019 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін – «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.	
<b>Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор</b> Исекешев Ерлан Орентаевич 1968 ж/т.	2011 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін – «ISS Corporation» ЖШС көпбейінді холдингілік компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы <b>Сайланған уақыты:</b> 04.08.2019 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін – «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.	0%
<b>Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор</b> Хекстер Давид Ричард 1949 ж/т.	2002 - 2004 ж. - Small Business Bank Директорлар кеңесінің мүшесі 2013 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін – Santander Bank Polska SA Директорлар кеңесінің Тәуелсіз директоры 2017 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін - Piraeus Bank S.A. Директорлар кеңесінің Тәуелсіз директоры болып табылады 04.08.2016 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін – Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. <b>Сайланған уақыты:</b> 04.08.2016 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін – «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. 04.08.2019 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін – «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.	0%

эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарындағы директорлар кеңесі немесе бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы— 0%.

## 21. Эмитенттің алқалы органы немесе атқарушы органның функцияларын жеке- дара жүзеге асыратын тұлға:

1) атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе алқалы атқарушы орган басшысының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

2) атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның немесе алқалы атқарушы орган мүшелерінің өкілеттігін көрсете отырып оларды сайлау және олардың хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек жолы туралы мәліметтер;

3) эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаға немесе эмитенттің алқалы атқарушы органының әрбір мүшесіне тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы.

<b>Атқарушы орган мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты</b>	<b>Алқалық атқарушы орган мүшелерінің өкілеттіктерін көрсете отырып, хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек жолы туралы мәліметтер</b>
Надыров Жанболат Уракович 1974 ж/т.	12.2014 - 11.2016 г.ж. – Бірінші вице-президенттің м.а.-Басқарма мүшесі; 11.2016 - 01.07.2019 ж. Президент - «Транстелеком» АҚ Басқармасының мүшесі 17.07.2019 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін – Басқарма төрағасы - «Транстелеком» АҚ Басқармасының мүшесі;
<b>Өкілеттіктері:</b>	1) Басқарманың және Директорлар кеңесінің, Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін орындауды ұйымдастырады; 2) Қоғамның қызметіне басшылық жасайды; 3) Басқарманың жұмысын ұйымдастырады, Басқарма отырысын шақырады және оның қарауына қажетті материалдарды ұсынады; 4) Қоғамды басқару жүйесін дамыту және жақсартуды қамтамасыз етеді;

	<p>корпоративтік басқаруды жетілдіру; тұтынушылардың талаптарын, заң талаптарын, Акционерлердің жалпы жиналысының және реттеуші мемлекеттік органдардың талаптарын Қоғам қызметкерлерінің назарына жеткізу; Қоғамның бизнес-процестеріне жыл сайын талдау жүргізуді қамтамасыз ету; бюджеттерді құру арқылы дамыту жобаларына ресурстар бөлу және басқару жүйесін жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау; 5) үшінші тұлғаларға қатысты, Қоғам атынан сенімхатсыз жұмыс жасайды; 6) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы қағиданы бекітуді қамтамасыз етеді; 7) Қоғамның негізгі тәуекелдері және оларды басқару жөніндегі шаралардың тиімділігі туралы Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тәртіпке сәйкес есептерді дайындайды және Директорлар кеңесіне ұсынады; 8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен бекітілген тәртіпте, Қоғам атынан мәмілелер жасайды; 9) Қоғамның үшінші тұлғаларға қатысты мәселелерін шешу үшін Қоғамды ұсыну құқығымен сенімхат береді; 10) Қоғамның қызметкерлерімен еңбек шартын жасайды, өзгертеді, тоқтатады; еңбек шартын жасауға, өзгертуге, тоқтатуға болатын актілерді қабылдайды; 11) Қоғам қызметкерлеріне ынталандыру шараларын және тәртіптік жаза қолданады, Корпоративтік хатшы мен Басқарма мүшелері және Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерін қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық еңбек ақысын бекітеді, сондай-ақ Басқарма мүшесі болып табылмайтын, басшы қызметкерлерге жұмыстарының нәтижесіне қарай сыйақы беруді қоспағанда, қызметкерлерге төленетін сыйақы көлемін белгілейді; 12) Қоғам қызметкерлері мен Басқарма мүшелері арасында өкілеттіліктері мен жауапкершіліктерін, міндеттемелерін бөледі; 13) предъявляет и подписывает претензии и иски, отказывается от исков, изменяет исковые требования, подписывает мировые соглашения, соглашения о медиации, соглашения об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры; 14) Қоғамның банк және басқа шоттарын ашады; 15) Қоғамның өндірістік мәселелері бойынша шешім қабылдайды, оның ішінде өндірістік бағдарламаларды бекітеді; 16) Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің және еншілес мекемелерінің қызметін үйлестіреді; 17) өз құзіреті шеңберінде бұйрықтар мен өкімдер шығарады; 18) ұжымдық шарттарға қол қояды; 19) филиалдар мен өкілдіктерді қоса алғанда, Қоғамның құрылымы мен қызметкерлерінің саны (жалпы саны) бойынша ұсыныстар әзірлейді; 20) Басқарма мүшелері мен Қоғамның басқа да басшы қызметкерлері үшін сабақтастықты жоспарлау бағдарламаларын әзірлейді; 21) Директорлар кеңесі бекіткен саясатқа сәйкес, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында туындайтын мүдделер қайшылығын шешуге қатысады; 22) Қызмет туралы ақпараттың уақтылы және толық ашылуын, сондай-ақ Қоғамның құпия ақпаратын қорғауды және сақтауды қамтамасыз етеді; 23) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғамның құпия ақпаратын қорғауды реттейтін процедураларды және Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпарат тізбесін әзірлейді; 24) Қоғамда ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару процедураларын әзірлеуді және қолдануды қамтамасыз етеді; 25) Қоғамның ішкі бақылау органдарының, тәуекелдерді басқару органдарының және Қоғам қызметінің заңнамаға және реттеуші органдардың талаптарына сәйкестігін бақылайтын органдардың қызметін ұйымдастырады; 26) Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның ұсынымдарының орындалуын қамтамасыз етеді; 27) Қоғамның ішкі аудит қызметінің ұсынымдарының орындалуын қамтамасыз етеді; 28) Директорлар кеңесі мүшелеріне өздеріне жүктелген функцияларды орындау кезінде, Қоғам қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ қажетті түсініктемелер мен ережелерді сұрау түскен сәттен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді; 29) Қоғамның есеп саясатын әзірлеуді қамтамасыз етеді; 30) Қоғамның жылдық есебін дайындауды қамтамасыз етеді; 31) жылдық қаржылық есептілікті дайындауды қамтамасыз етеді; 32) Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі мен қайырымдылық мәселелерін реттейтін ішкі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді; 33) Компанияның экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы мәселелерді реттейтін ішкі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді; 34) Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы тиімді қызметін, оның ішінде Қоғамның мүдделі тараптарымен тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді; 35) Басқарма мүшелерін, Корпоративтік хатшыны, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін және Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін сыйлықақылар мөлшерін анықтайтын басшы қызметкерлерді қоспағанда, Қоғамның Кадрлық саясатын, оның ішінде ішкі еңбек тәртібін бекіту, қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босату, Қоғамның атынан Қоғамның қызметкерлерімен еңбек шартын жасасу және тоқтату, қызметкерлерге көтермелеу шаралары мен тәртіптік жаза қолдану, еңбекақыны белгілеуді іске асыруды қамтамасыз етеді, штат кестесіне сәйкес қызметкерлерге және жалақыға төленетін жеке үстеме ақылар, Қоғам жұмыскерлеріне төленетін сыйақы мөлшерін анықтайды; 36) Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның, оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы есептерді Акционерлердің жалпы жиналысымен бекітілген мерзімде ұсынады; 38) ол болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді; 39) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және оларды қызметтен босатады; 40) Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен және басқа да ішкі құжаттарымен анықталған Қоғам Басқармасының құзыретіне кірмейтін Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты қалған барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.</p>
<p>Адайбеков Елнар Русланович, 1986 ж/т.</p>	<p>04.2015 - 01.2017 ж. «Транстелеком» АҚ корпоративтік басқару және құқықтық мәселелер жөніндегі вице-президенті- Басқарма мүшесі; 01.2017 - 01.07.2019 ж. «Транстелеком» АҚ даму және құқықтық мәселелер жөніндегі вице-президенті; 01.07.2019 жылдан бастап, осы уақытқа дейін - «Транстелеком» АҚ Басқарма</p>

	төрағасының ұйымдық дамыту жөніндегі орынбасары – Басқарма мүшесі;
<b>Өкілеттіктері:</b>	<p>«Методологи және HR талдау», «HR дамыту», «Бизнес-процестерді басқару», «Жобаларды басқару», «Стратегия және корпоративтік басқару», «PR және маркетингтік коммуникациялар» бағыттарына жетекшілік етеді:</p> <p>1) Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 5 наурыздағы шешімімен бекітілген, орталық аппараттың құрылымына сәйкес (бұдан әрі- Құрылым) (№2/2019 хаттама), Қоғам атынан өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзіне бағынатын құрылымдық бөлімшелердің және жетекшілік ететін қызметкерлерінің бастамасымен айлық есептік көрсеткіштің төрт мың есе мөлшерінен артық сомаға тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы шарттарды және жетекшілік ететін бағыттары бойынша басқа да шарттарды жасайды, өзгертеді және бұзады;</p> <p>2) Құрылымға сәйкес, жетекшілік ететін қызметкерімен және бағынышты құрылымдық бөлімшесімен бастама танытылған, жеке тұлғалармен Қоғам атынан шарттарды жасайды, өзгертеді және бұзады;</p> <p>3) тауарларды қабылдау-тапсыру/ орындалған жұмыстарды /көрсетілген қызметтерді қабылау актілеріне, сондай-ақ осы сенімхаттың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген шарттар бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты құжаттарға қол қояды;</p> <p>4) Жеке тұлғалардың, оның ішінде заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратындардың, құрылымға сәйкес жетекшілік ететін салаларда ынтымақтастық орнату туралы меморандумдарға, құпиялылық туралы келісімдерге, бірлескен қызмет туралы келісімдерге (консорциумдық келісімге), меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалармен басқа шарттарға қол қояды;</p> <p>5) Құрылымға сәйкес жетекшілік ететін салалардағы өндірістік мәселелер бойынша бұйрықтар түрінде шешім қабылдайды;</p> <p>6) Қоғамның атынан қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу, жұмыстарды орындау және басқа да қатынас нысандары бойынша жасалған шарттар шеңберінде, үшінші тұлғаларға қарсы талаптардың болмауы туралы және Қоғам Басқармасының шешімі бойынша өндірілетін айыппұлдар мен өсімпұлдарға қатысты үшінші тұлғаларды Қоғам алдындағы міндеттемелерден босату туралы хаттарға, өтініштерге, келісімдерге, кепілдіктерге, актілерге және басқа құжаттарға қол қояды;</p> <p>7) Мемлекеттік органдарда, меншік нысанына қарамастан заңды тұлғаларда, жеке тұлғалармен, оның ішінде заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратындармен, құрылымға сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның мүдделерін білдіреді.</p>
Аманбаев Кайсар Агалмасович 1983 ж/т.	<p>08.2015 - 02.2017 ж. - «Транстелеком» АҚ жаңа жобаларды дамыту және енгізу бойынша жоба тобының жоба менеджері;</p> <p>02.2017 - 01.2019 ж. - «Транстелеком» АҚ АТ шешімдерді сату жөніндегі атқарушы директоры;</p> <p>01.07.2019 жылдан бастап, осы уақытқа дейін - «Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының дамыту және инновациялар жөніндегі орынбасары – Басқарма мүшесі.</p>
<b>Өкілеттіктері:</b>	<p>«Желілерді жобалау және дамыту», «Желілерді қайта құру және салу», «Стратегия және АТ архитектураны дамыту», «АТ шешімдерді дамыту және енгізу», «Жаңа өнімдерді дамыту», «Қызметтер және шешімдер маркетингі», «Методология и стандартизация» бағыттарына жетекшілік етеді:</p> <p>1) Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 5 наурыздағы шешімімен бекітілген, орталық аппараттың құрылымына сәйкес (бұдан әрі- Құрылым) (№2/2019 хаттама), Қоғам атынан өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзіне бағынатын құрылымдық бөлімшелердің және жетекшілік ететін қызметкерлерінің бастамасымен айлық есептік көрсеткіштің төрт мың есе мөлшерінен артық сомаға тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы шарттарды және жетекшілік ететін бағыттары бойынша басқа да шарттарды жасайды, өзгертеді және бұзады;</p> <p>2) Құрылымға сәйкес, жетекшілік ететін қызметкерімен және бағынышты құрылымдық бөлімшесімен бастама танытылған, жеке тұлғалармен Қоғам атынан шарттарды жасайды, өзгертеді және бұзады;</p> <p>3) тауарларды қабылдау-тапсыру/ орындалған жұмыстарды /көрсетілген қызметтерді қабылау актілеріне, сондай-ақ осы сенімхаттың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген шарттар бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты құжаттарға қол қояды;</p> <p>4) жеке тұлғалардың, оның ішінде заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратындардың, құрылымға сәйкес жетекшілік ететін салаларда ынтымақтастық орнату туралы меморандумдарға, құпиялылық туралы келісімдерге, бірлескен қызмет туралы келісімдерге (консорциумдық келісімге), меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалармен басқа шарттарға қол қояды;</p> <p>5) Құрылымға сәйкес жетекшілік ететін салалардағы өндірістік мәселелер бойынша бұйрықтар түрінде шешім қабылдайды;</p> <p>6) хат алмасу құқығымен, мемлекеттік органдарда, меншік нысанына қарамастан заңды тұлғаларда, жеке тұлғалармен, оның ішінде заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратындармен, құрылымға сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның мүдделерін білдіреді.</p>
Жексембеков Данияр Тахирович 1988 ж/т.	<p>11.2016 - 01.2017 ж. - «Транстелеком» АҚ экономика, қамтамасыз ету және коммерция жөніндегі вице-президенті;</p> <p>01.2017 - 12.2017 ж. - «Транстелеком» АҚ экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті;</p> <p>12.2017 - 01.07.2019 ж. - «Транстелеком» АҚ экономика, қаржы және қамтамасыз ету жөніндегі вице-президенті;</p> <p>01.07.2019 жылдан бастап, осы уақытқа дейін - «Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының экономика және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары – Басқарма мүшесі.</p>
<b>Өкілеттіктері:</b>	«Құқықтық қамтамасыз ету», «Іс жүргізу», «Сатып алу және қамтамасыз ету» «Шаруашылықты қамтамасыз ету», «Кадрлық әкімшілендіру және еңбек ақы төлеу», «Бюджеттеу және талдау», «Қазынашылық», «Корпоративтік қаржы», «Инвестициялық қызметтерді талдау», «Бухгалтерлік есеп және есептілік», «Бөлектеп есеп жүргізу», «Клиенттермен есептесу» бағыттарына жетекшілік етеді:

	<p>1) Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 5 наурыздағы шешімімен бекітілген, орталық аппараттың құрылымына сәйкес (бұдан әрі- Құрылым) (№2/2019 хаттама), Қоғам атынан өз құзіретіне кіретін мәселелер бойынша өзіне бағынатын құрылымдық бөлімшелердің және жетекшілік ететін қызметкерлерінің бастамасымен айлық есептік көрсеткіштің төрт мың есе мөлшерінен артық сомаға тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы шарттарды және жетекшілік ететін бағыттары бойынша басқа да шарттарды жасайды, өзгертеді және бұзады;</p> <p>2) Құрылымға сәйкес, жетекшілік ететін қызметкерімен және бағынышты құрылымдық бөлімшесімен бастама танытылған, жеке тұлғалармен Қоғам атынан шарттарды жасайды, өзгертеді және бұзады;</p> <p>3) тауарларды қабылдау-тапсыру/ орындалған жұмыстарды /көрсетілген қызметтерді қабылау актілеріне, сондай-ақ осы сенімхаттың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген шарттар бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты құжаттарға қол қояды;</p> <p>4) жеке тұлғалардың, оның ішінде заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратындардың, құрылымға сәйкес жетекшілік ететін салаларда ынтымақтастық орнату туралы меморандумдарға, құпиялылық туралы келісімдерге, бірлескен қызмет туралы келісімдерге (консорциумдық келісімге), меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалармен басқа шарттарға қол қояды;</p> <p>5) Қоғам атынан, құрылымға сәйкес екінші деңгейдегі банктермен және қаржы институттарымен, оның ішінде халықаралық қаржы ұйымдарымен шарттар жасайды, өзгертеді және тоқтатады;</p> <p>6) Қоғам атынан несиелік, кепіл, кепілдеме шарттарын жасайды, өзгертеді және тоқтатады, алғашқы қол қою құқығымен Қоғамның келісімдері мен басқа да міндеттемелеріне сәйкес төлем тапсырмаларына, басқа банктік және қаржылық құжаттарға қол қояды;</p> <p>7) Қоғам атынан, Орталық аппарат қызметкерлерімен еңбек шарттарын, жауапкершілік шарттарын жасайды, өзгертеді және тоқтатады;</p> <p>8) Құрылымға сәйкес жетекшілік ететін салалардағы өндірістік мәселелер және жеке құрам бойынша бұйрықтар түрінде шешім қабылдайды;</p> <p>9) мердігерлерге және үшінші тараптарға, дебиторларға шағымдарға қол қояды және ұсынады;</p> <p>10) хат алмасу құқығымен, мемлекеттік органдарда, меншік нысанына қарамастан заңды тұлғаларда, жеке тұлғалармен, оның ішінде заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратындармен, құрылымға сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның мүдделерін білдіреді.</p>
<p>Манатаев Руслан Ергалиевич 1984 ж/т.</p>	<p>02.2017 - 01.2018 ж. - «Транстелеком» АҚ Президентінің кеңесшісі;</p> <p>01.2018 - 10.2018 ж. - «Транстелеком» АҚ АТ шешімдерді сату жөніндегі атқарушы директоры;</p> <p>10.2018 - 02.2019 ж. - «Транстелеком» АҚ телекоммуникациялар жөніндегі вице-президенті;</p> <p>02.2019 - 01.07.2019 ж. - «Транстелеком» АҚ телекоммуникациялар жөніндегі вице-президенті – Басқарма мүшесі;</p> <p>01.07.2019 ж. осы уақытқа дейін - «Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының ірі бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары – Басқарма мүшесі.</p>
<p>Өкілеттіктері:</p>	<p>«Шет елдегі өкілдіктер», «Халықаралық транзит және деректерді беру», «Дыбыстық трафиктерді өткізу қызметі», «Салалық ведомствалар», «Қоғамдық ұйымдастыру және дамыту институттары» «Құқық қорғау органдары мен қарулы күштер ведомствалары», «Мемлекеттік басқару», «Корпоративтік клиенттерді сүйемелдеу», «Жүйелік интеграция», «Инфрақұрылымдық шешімдер», «Инфокоммуникациялық шешімдер», «Ірі бизнестің қызметін сүйемелдеу» бағыттарына жетекшілік етеді:</p> <p>1) Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 5 наурыздағы шешімімен бекітілген, орталық аппараттың құрылымына сәйкес (бұдан әрі- Құрылым) (№2/2019 хаттама), Қоғам атынан өз құзіретіне кіретін мәселелер бойынша өзіне бағынатын құрылымдық бөлімшелердің және жетекшілік ететін қызметкерлерінің бастамасымен айлық есептік көрсеткіштің төрт мың есе мөлшерінен артық сомаға тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы шарттарды және жетекшілік ететін бағыттары бойынша басқа да шарттарды жасайды, өзгертеді және бұзады;</p> <p>2) Құрылымға сәйкес, жетекшілік ететін қызметкерімен және бағынышты құрылымдық бөлімшесімен бастама танытылған, жеке тұлғалармен Қоғам атынан шарттарды жасайды, өзгертеді және бұзады;</p> <p>3) тауарларды қабылдау-тапсыру/ орындалған жұмыстарды /көрсетілген қызметтерді қабылау актілеріне, сондай-ақ осы сенімхаттың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген шарттар бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты құжаттарға қол қояды;</p> <p>4) жеке тұлғалардың, оның ішінде заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратындардың, құрылымға сәйкес жетекшілік ететін салаларда ынтымақтастық орнату туралы меморандумдарға, құпиялылық туралы келісімдерге, бірлескен қызмет туралы келісімдерге (консорциумдық келісімге), меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалармен басқа шарттарға қол қояды;</p> <p>5) Құрылымға сәйкес жетекшілік ететін салалардағы өндірістік мәселелер бойынша бұйрықтар түрінде шешім қабылдайды;</p> <p>6) хат алмасу құқығымен, мемлекеттік органдарда, меншік нысанына қарамастан заңды тұлғаларда, жеке тұлғалармен, оның ішінде заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратындармен, құрылымға сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның мүдделерін білдіреді.</p>
<p>Баймырзаұлы Асқар 1985 ж/т.</p>	<p>07.2016 - 12.2018 ж. - «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ сот-кінәрат қою жұмыстары департаменті және құқықтық қамтамасыз ету департаменті тобының жетекшісі;</p> <p>12.2018 - 02.2019 ж. - «Транстелеком» АҚ құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі атқарушы директоры;</p> <p>02.2019 - 01.07.2019 ж. - «Транстелеком» АҚ құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі атқарушы директоры – Басқарма мүшесі;</p> <p>01.07.2019 жылдан бастап, осы уақытқа дейін - «Транстелеком» АҚ құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі атқарушы директоры – Басқарма мүшесі.</p>
<p>Өкілеттіктері:</p>	<p>«Құқықтық қамтамасыз ету» және «Іс жүргізу» бағыттарына жетекшілік етеді:</p> <p>1) барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарда, меншік нысанына қарамастан мекемелерде, кәсіпорындарда және ұйымдарда, жеке тұлғалармен, заңды тұлғаны құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатындармен өзара қарым-қатынас жасау кезінде, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттің соттарында, сот процесінің барлық сатыларында Қоғамның мүліктік және басқа да заңды</p>

	<p>құқықтарын және мүдделерін қорғайды;</p> <p>2) контрагенттерге, бөгде ұйымдар мен дебиторларға қатысты шағымдарды қарауды, дайындауды, қол қоюды және жіберуді қоса алғанда, кінәрат-қуыным жұмыстарын жүргізеді;</p> <p>3) Қоғам атынан азаматтық әкімшілік, қылмыстық істерді жүргізеді. Заңды талапкерге, жауапкерге, үшінші тұлғаға, жәбірленуші мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша өндіріс жүргізіліп тұлғаға, оның ішінде талап қою арызын, қарсы талап қою арызын және сот бұйрығын енгізу арызына, арбитражға бұйрықты беруге, бейбіт келісім жасауға, медиация тәсілімен дауды (келіспеушілікті) реттеу туралы келісімге немесе партисипативтік процедура тәсілімен дауды реттеу туралы келісімге қол қояды, талаптан және талапты танудан толық немесе ішінара бас тарту, талап қою талаптарының мәнін көбейту және азайту, талап қоюдың мәнін және негізін өзгерту, апелляциялық, кассациялық және жеке шағымдарды беру және қол қою, қайта ашылған және жаңа жағдайлар бойынша сот актілерін қайта қарау туралы өтінім беру, сот актілерін мәжбүрлі түрде орындады талап ету, апелляциялық шағымдар, өтініштерден бас тарту жұмыстарын жүзеге асырады;</p> <p>4) іс материалдарымен танысады, олар бойынша үзінділер жасайды және көшірмесін алады, шағымдарды жариялайды, дәлелдемелер ұсынады және олардың зерттеулеріне қатысады, іске қатысушы басқа адамдарға, куәларға, сарапшыларға және мамандарға сұрақтар қояды, шағымдарды қамтамасыз ету шараларын, дәлелдемелер алуды, қосымша дәлелдемелер сұратуды және татуластыру рәсімдерін қолдануды қоса алғанда, өтініштер береді, сотқа ауызша және жазбаша түсініктемелер береді, сот талқылауы кезінде туындайтын барлық мәселелер бойынша өз уәждерін келтіреді, іске қатысушы басқа адамдардың өтініштері мен дәлелдеріне қарсылық білдіреді, сот жарысөздеріне қатысады, сот отырысының хаттамасымен танысады және оған жазбаша ескертулер береді, соттың шешімдері, ұйғарымдары мен шешімдеріне шағым жасайды, Қазақстан Республикасының азаматтық сот өндірісі туралы заңнамасында көзделген басқа да процессуальдық құқықтарды қолданады;</p> <p>5) атқарушы құжаттарды орындауға ұсынады және кері алады, сот орындаушысының әрекетіне (әрекетсіздігіне) және шешіміне шағым түсіреді;</p> <p>6) сот актілерін орындау мәселелері бойынша мемлекеттік және жеке сот орындаушыларымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, жеке сот орындаушыларымен атқарушы құжаттарды орындау талаптары туралы келісім жасайды;</p> <p>7) атқарушылық іс жүргізу материалдарымен, оның электронды нұсқасымен танысады, олардан үзінділер жасайды, көшірмелерін түсіреді, қосымша материалдарды ұсынады, өтініштер береді, атқарушылық әрекеттерге қатысады, атқарушылық әрекеттер барысында ауызша және жазбаша түсініктемелер береді, атқарушылық іс жүргізу барысында туындайтын барлық мәселелерге өзінің дәлелдері мен пікірлерін білдіреді, атқарушылық іс жүргізуге қатысқан басқа адамдардың дәлелдері мен ұсыныстарына қарсылық білдіруге, атқарушылық іс жүргізу бойынша сот орындаушысының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) немесе шешімдеріне наразылық білдіруге, бейбіт келісімді бекіту туралы өтінішпен сотқа жүгінуге;</p> <p>8) борышкердің уақытша және банкроттық басқарушысымен, борышкердің кредиторлар жиналысымен, борышкердің кредиторлар комитетімен, оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, басқа кредиторлармен, заңға сәйкес кредиторға тиесілі барлық құқықтарымен, банкроттық туралы іс жүргізу кезінде Қоғамның мүдделерін білдіреді;</p> <p>9) Қазақстан Республикасының бірқатар нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша уәкілетті органменға ұсыныстар береді;</p> <p>10) Қоғамның атынан жетекшілік ететін қызметкерлердің және оған есеп беретін құрылымдық бөлімшелердің бастамасымен өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қызметтер көрсету, тауарларды жеткізу жұмыстарды орындау шарттарын жасайды, өзгертеді және тоқтатады (тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу туралы шарттарды қоспағанда);</p> <p>11) жұмыстарды орындау/көрсетілген қызметтерді қабылдау актеріне, тауарларды қабылдау-тапсыру актілеріне, сондай-ақ Тәртіптің 5.2) тармағының және 7) тармақшасында көрсетілген шарттар бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты құжаттарға қол қояды;</p> <p>12) хат алмасу құқығымен, мемлекеттік органдарда, меншік нысанына қарамастан заңды тұлғаларда, жеке тұлғалармен, оның ішінде заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратындармен, құрылымға сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның мүдделерін білдіреді.</p>
<p>Ахметов Мурат Сайлаубекович 1983 ж/т.</p>	<p>07.2016 – 02.2017 ж. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ - «Ақпараттық технологиялар дирекциясы» филиалының ақпараттық технологиялар жөніндегі директордың орынбасары.</p> <p>02.2017 - 12.2017 ж. «Транстелеком» АҚ АТ қолдау және дамыту жөніндегі атқарушы директоры.</p> <p>12.2017 - 07.2018 ж. «Транстелеком» АҚ АТ пайдалану жөніндегі атқарушы директор.</p> <p>07.2018 - 09.2018 ж. «Транстелеком» АҚ АТ және инновациялар жөніндегі вице-президентінің м.а.</p> <p>09.2018 - 02.2019 ж. - «Транстелеком» АҚ АТ және инновациялар жөніндегі вице-президенті.</p> <p>02.2019 - 01.07.2019 ж. - «Транстелеком» АҚ АТ және инновациялар жөніндегі вице-президенті – Басқарма мүшесі.</p> <p>01.07.2019 жылдан бастап, осы уақытқа дейін - «Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының инфрақұрылымды пайдалану жөніндегі орынбасары – Басқарма мүшесі.</p>
<p>Өкілеттіктері:</p>	<p>«Желілерді жалпы техникалық қолдау», «Телекоммуникациялық желілерді басқару», «Басқа желілерді басқару», «Инженерлік инфрақұрылымға қызмет көрсету», «Бизнес-қосымшаларды әкімшілендіру», «Серверлік жүйелерді әкімшілендіру», «Периферия және жұмыс орындарын қолдау», «Локомативтік тарту АТ шешімдерін сүйемелдеу», «Диагностикалық кешендерді сүйемелдеу», «Пайдалану қызметін сүйемелдеу», «НОС-желілерді басқару орталығы», «SOC-ақпараттық қауіпсіздікті басқару орталығы» бағыттарына жетекшілік етеді:</p> <p>1) Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 5 наурыздағы шешімімен бекітілген, орталық аппараттың құрылымына сәйкес (бұдан әрі- Құрылым) (№2/2019 хаттама). Қоғам атынан өз құзіретіне кіретін мәселелер бойынша өзіне бағынатын құрылымдық бөлімшелердің және жетекшілік ететін қызметкерлерінің бастамасымен айлық есептік көрсеткіштің төрт мың есе мөлшерінен артық сомаға тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы шарттарды және жетекшілік ететін бағыттары бойынша басқа да;</p> <p>2) Құрылымға сәйкес, жетекшілік ететін қызметкерімен және бағынышты құрылымдық бөлімшесімен бастама танытылған, жеке тұлғалармен Қоғам атынан шарттарды жасайды, өзгертеді және бұзады;</p> <p>3) тауарларды қабылдау-тапсыру/ орындалған жұмыстарды /көрсетілген қызметтерді қабылау актілеріне, сондай-ақ осы сенімхаттың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген шарттар бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты құжаттарға қол қояды;</p>

<p>4) жеке тұлғалардың, оның ішінде заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратындардың, құрылымға сәйкес жетекшілік ететін салаларда ынтымақтастық орнату туралы меморандумдарға, құпиялылық туралы келісімдерге, бірлескен қызмет туралы келісімдерге (консорциумдық келісімге), меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалармен басқа шарттарға қол қояды;</p> <p>5) Құрылымға сәйкес жетекшілік ететін салалардағы өндірістік мәселелер бойынша бұйрықтар түрінде шешім қабылдайды;</p> <p>6) хат алмасу құқығымен, мемлекеттік органдарда, меншік нысанына қарамастан заңды тұлғаларда, жеке тұлғалармен, оның ішінде заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратындармен, құрылымға сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның мүдделерін білдіреді.</p>
--

эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаға немесе эмитенттің алқалы атқарушы органының әрбір мүшесіне тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы–Басқарма мүшелері Эмитенттің дауыс беретін акцияларын иемденбейді.

## **22. Егер эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген болса, онда мыналар көрсетіледі:**

- 1) басқарушы ұйымның толық және қысқаша атауы, оның орналасқан жері;
  - 2) басқарушы ұйымның атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) не басқарушы ұйымның алқалы атқарушы органы мүшелерінің және директорлар кеңесі (бақылау кеңесі) мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);
  - 3) осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғалардың сайланған күні және хронологиялық тәртіппен соңғы 2 (екі) жылдағы еңбек жолы туралы мәліметтер;
  - 4) осы тармақтың 2) тармақшасында аталған адамдарға тиесілі басқарушы ұйымның дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) басқарушы ұйымның дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы;
  - 5) осы тармақтың 2) тармақшасында аталған адамдарға тиесілі жарғылық капиталға қатысу үлестерінің эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы.
- Осы тармақтың талаптары акционерлік қоғамдарға қолданылмайды.

Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілмеген.

## **10 БӨЛІМ. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІН КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП, ЭМИТЕНТТІҢ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

### **23. Эмитент қызметінің түрлері:**

#### **1) қызметтің негізгі түрі;**

«Транстелеком» АҚ – телекоммуникация, цифрландыру және IT, байланыс, автоматика және энергетика салаларында жүйелік интеграция қызметімен айналысатын Қазақстан Республикасындағы ірі байланыс операторларының бірі болып табылады.

#### **Жарғыға сәйкес, Эмитент қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:**

1) заңды және жеке тұлғаларға ақылы телекоммуникациялық (радиожилік спектрін пайдалануы және пайдаланбауы) және басқа ілеспе қызметтер ұсыну бойынша қызмет көрсету, оның ішінде:

жергілікті, қалааралық және халықаралық байланыс қызметтерді ұсыну;  
деректерді жіберу қызметтері және/немесе телематикалық қызметтер, аудиоконференция байланысы және/немесе бейнеконференция қызметтерін ұсыну;

Интернет желісіне қол жеткізу, байланыстын өзге де Интернетпен байланысты қызметтерін ұсыну, интернет-провайдер қызметтерін ұсыну;

IP-желілері, IP-телефония арқылы дауыс жіберу қызметтерін ұсыну;  
магистральдық арналарды жалға беруді қоса алғанда байланыс арналарын жалға беру;

тікелей жұпты (желілер) жалға беру;

талшықты-оптикалық желілердің қара талшықтарын (деректерді жіберу үшін пайдаланбайтын) жалға беру;

телефон кәрізін пайдалануға беру;

желілерді қосу және трафикті өткізу, халықаралық транзиттік деректер мен дабыс қызметтерін ұсыну;

жерүсті байланыс желілері арқылы тікелей байланысты, кіші толқынды немесе жердегі және спутниктік қосылыстарды қамтамасыз ету мақсатында коммутациялық және өткізгіш жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету;

магистральдық, халықаралық, қалааралық және жергілікті байланыс пайдаланушыларының барлық санаттары үшін техникалық қызмет көрсету;

таратудың кабельдік жүйелерін басқару, оның ішінде деректер беру үшін;

телеграф байланысы қызметін ұсыну;

телеграф және өзге де дауыстық емес байланыс жүйелерін жабдықтау;

ұялы байланыспен, сондай-ақ сымсыз байланыс жүйелерінің басқа да түрлерімен техникалық қызмет көрсету және басқару;

жылжымалы радиотелефон байланысы, жылжымалы радиобайланыс, дербес радиошақыру есебінен еркін желілерінің сыйымдылығын қызметтерді ұсыну;

желі операторларының иелерінен желіге қол жеткізу және желі сыйымдылығын алу, сондай-ақ осы қуаттарды пайдалана отырып телекоммуникациялық қызметтерді ұсыну;

спутниктік трекинг, коммуникациялық телеметрия және радиолокациялық станциялары сияқты мамандандырылған телекоммуникациялық қосымшаларды ұсыну;

операциялық түрде бір немесе одан көп жер үсті телекоммуникациялық жүйелермен байланысты және спутниктік жүйелерден деректерді қабылдап жіберуге қабілетті спутниктік терминалдармен және ілеспе құрал-жабдықтармен басқару;;

телекоммуникациялық қызметтерді (желі сыйымдылығын қосымша қызметтер көрсетусіз сатып алу және қайта сату) қайта сату;

2) негізгі қызметпен байланысты анықтамалық-ақпараттық қызметтерді беру, соның ішінде:

call-орталығы қызметтері: дауыстық поштаны қоса алғанда кіріс және шығыс қоңырауларын өңдеу, қоңырауды басқа нөмірге бағыттау, компьютерлік жүйелерді пайдалана отырып қоңыраулар (сұрау салуларды) өңдеу, маркетингтік зерттеулер, сауалнама және сұрақ-жауап жүргізу;

3) жабдықты және қосалқы бөлшектер сатып алу және іске асыру;

4) бағдарламалық өнімдерді жеткізуді қамтитын, консалтингтік қызметтер, сондай-ақ енгізу бойынша қызметтер мен сервистік ақпараттық жүйелерді қызметтерді қоса алғанда ақпараттық технологиялар саласында қызметтерді көрсету (тауарларды, жұмыстарды), оның ішінде:

серверлік және желілік жабдықты орналастыру үшін өңдеу, ақпаратты қолдау, сақтау және тарату мақсатында жалға берілетін алаңдарын қоса алғанда, электрондық пошта жәшіктері немесе виртуалды пошталық серверді қолдау, клиенттің жабдығын провайдер (колокация) алаңында орналастыру, бөлінген және виртуалды сервер (VPS, VDS) жалға алу, корпоративті желілерді әзірлеу және ұйымдастыру, бағдарламалық қамтамасыз етудің әзірлеу және сүйемелдеу, компьютерлік бағдарламалауды қамтамасыз ету, ақпараттық қауіпсіздік орталықтарының қызметтерін ұсыну;

деректерді жинау және жіберу, ақпараттық ресурстарға рұқсат алуды ұсыну, порталдық шешімдер енгізу және оған сервистік қызмет көрсету бойынша қызмет көрсету;

желілік аудит және тәуекелдерді бағалауды, жобаларды басқаруды және сүйемелдеуді қоса алғанда ақпараттық технологиялар саласындағы кешенді жобаларды жүзеге асыруды дайындау және тексеру бойынша консалтингтік қызметтер көрсету;

жабдықтарға, АТ - инфрақұрылымға техникалық және сервистік қызмет көрсету, бағдарламалық қамтамасыз етуге қолжетімділік беру және басқару бойынша аутсорсингтік қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көрсету;

5) басқарудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесін, оның ішінде технологиялық процестерді автоматтандыру, бейнетіркеу, бейне қадағалау, бейнебақылау жүйелерін, кіруді бақылау жүйелерін, күзет-өрт дабылы, автоматтандырылған құжат айналым жүйесін және кәсіпорынды басқару, отын-энергетикалық ресурстар шығынын

есептеу жүйелерін, шешімдерді қабылдауды қолдау жүйелерін (жедел басқару орталығы), байланыс желілерін басқару жүйесін әзірлеу, енгізу (жеткізу және құрастыру), сервистік қызмет көрсету (қолдау және сүйемелдеу);

6) жұмыс істеп тұрған сигнал беру, орталықтандыру, бұғаттау құрылғыларын, автоматтандырылған және механикаланған сұрыптау дөңестерін, талшықты-оптикалық байланыс желісінің сымды және сымсыз байланыс құралдарын, магистральдық темір жол желісінің функцияларымен технологиялық жағынан байланысты поезд қозғалысы жолындағы жылжымалы құрамның техникалық күйін автоматты бақылау құралдарын және деректер беру жүйесін жөндеу, дамыту, салу және қайта құру, оның ішінде:

автоматика, телемеханика және телекоммуникация құрылғыларының жарамды жай-күйде сақтау (бұдан әрі – техникалық құралдар) және оларды жөндеу;

жаңа техника мен технологияларды енгізу, болашағы бар жобаларды және жаңғырту бойынша жылдық жоспарды, техникалық құрылғыларды жөндеуді әзірлеу жұмыстарын ұйымдастыру;

7) алдыңғы қатарлы диагностиканың технологиялық әдістерін, жөндеуді автоматтандыру, магистральдық желілердің инфрақұрылым диагностикасы бойынша қызмет көрсетуді әзірлеуі және енгізу;

8) күрделі жөндеу және қайта жаңартуға қоса алғанда темір жол құрылысы бойынша жұмыстар;

9) Қоғамның Біріңғай анықтамалық-ақпараттық орталық арқылы жол жүру құжаттарын (билеттерді) брондауы;

10) Біріңғай анықтамалық-ақпараттық орталық арқылы аудио жарнамалар ұсыну;

11) Ұлттық инфрақұрылым операторының келісімімен, темір жол көлігінің бөлінген белдеуінде, сондай-ақ талшықты-оптикалық және мыс кәбілді байланыс желілерінің телекоммуникацияның жерсеріктік және радиорелелік жүйелерінің кез келген басқа да рұқсат етілген жерлерінде құруы және пайдалану;

12) бөлінген және өзара байланысқан желілерімен басқа операторлардың байланыс аналогтық және цифрлық байланыс желілерін (бұдан әрі - байланыс желісінің Қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін темір жол көлігі ұйымдарының (сондай-ақ басқа да ұйымдардың, байланысты темір жол саласы) интеграцияланған қызметтер технологиялық байланыстарын құру және пайдалану;

13) Құрылыс-құрастыру жұмыстары, соның ішінде:

жер қабатындағы құрылыс-құрастыру жұмыстары;

арнайы құрылыс және құрастыру жұмыстары;

сыртқы және ішкі инженерлік желілер мен жүйелердің құрылғы, жөндеу мен реконструкциялауды қоса алғанда, оның ішінде қорғау және өңдеу жөніндегі жұмыстарды, конструкциялар мен жабдықтарды, соның ішінде найзағайдан қорғау;

технологиялық жабдықтарды құрастыру және іске қосу-жөндеу жұмыстары;

жалпы республикалық магистральдық, халықаралық, қалааралық және жергілікті телекоммуникация желілерінің салу және пайдалану жөніндегі жұмыстар;

желілік құрылымдар құрылысы, оның ішінде магистральдық;

14) мүлікті жалға беру (алу), мүлікті заңнамада белгіленген тәртіппен сенімгерлікпен басқару;

15) байланыс қызметіне тұтынушыларды тарту бойынша маркетингтік және операторлық қызмет жасау және Қоғамның байланыс желісінің еркін сыйымдылығын тұтынушылардың қолдану процессін басқару;

16) қазақстандық және шет елдік ұйымдармен жаңа техниканы және технологияны құруда өзара әрекеттесу, материалдарды және жабдықтарды жеткізу, өзара әрекеттесу жұмысын орындау және инвестиция тарту;

17) радио және өткізгіш байланыс құралдарын, теледидарды, ақпараттарды беру және өңдеу, бейне конференциялық байланыстар және басқа техникалық жабдықтарды өңдеу және іске асыру;

18) іздестіру қызметі, соның ішінде инженерлік-геодезиялық жұмыстар;



19) жобалық қызмет, соның ішінде қала құрылысы жобасы (жобалау құқығымен тарихи ауданның қала құрылысын ақтауы үшін, мәдени және тарихи ескерткіштерде ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын) жоспарлау;

20) тұрғын жайлар және ғимараттар үшін жауапкершіліктің бірінші, екінші және үшінші сатысымен ( жобалау құқығымен сәулеттік-қалпына келтіру жұмысы , мәдени және тарихи ескерткіштерде ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын қоспағанда) сәулеттік жобалау;

21) құрылыстық жобалау (жобалау құқығымен тұрғын жайды және ғимаратты күрделі жөндеу және қайта құру үшін, сондай-ақ конструкцияны күшейту) және конструкциялау , инженерлік жүйені және желіні жобалау, найзағайдан қорғау құрылымы бойынша, еңбек күзеті бойынша жобаның арнайы бөлімдерін әзірлеу;

22) техникалық жобалау (құрылыс жобасының технологиялық бөлік әзірлігі): тұрғын жайға және ғимаратқа тұрғын-үй-азаматтық тағайындауды, көліктің инфрақұрылымдары объекттерінің , коммуникация және байланыс, ауылшаруашылық объекттерінің, қайта өңдейтін өнеркәсіптік кәсіпорындарын қоспағанда;

23) сыртқы экономикалық қызметтерді жүзеге асыру және экспортты, импорттық тауарларды, қызмет пен жұмысты іске асыруда заңды, жеке тұлғалармен экономикалық серіктестікті дамыту;

24) алдын ала жоспарлық ғылыми - зерттеуші және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстардың өткізілуі;

25) тау-кен қазу өнеркәсібі саласындағы және кен шығаратын орындағы қызметтер, оның ішінде:

– тау-кен қазу өнеркәсібі саласындағы техникалық қызметтер;

26) өңдеу өндірісі саласындағы қызметтер, оның ішінде:

– компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер шығару; электрлік жабдықтар; басқа категорияларға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар; басқа да дайын өнімдер;

– машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату;

– жазылған материалдарды басып шығару және көшіру;

27) көтерме және бөлшек сауда саласындағы қызметтер;

28) көлік және қаттау саласындағы қызметтер;

29) ақпарат және байланыс саласындағы қызметтер (осы тармақтың 1) тармақшасында қарастырылған қызмет түрлерінен басқа), оның ішінде:

– Баспа қызметі;

– Кино - бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар, фонограмма және музыкалық жазбалар шығару;

– Бағдарлама құру және телерадиохабар тарату бойынша қызмет;

– Байланыс;

– Компьютерлік бағдарламалау, кеңес беру және басқа да ілеспе қызметтер;

– Ақпараттық қызметтер;

30) жылжымайтын мүлік операциялары саласындағы қызметтер;

31) кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер саласындағы қызметтер, оның ішінде:

– Құқық және бухгалтерлік есеп саласындағы қызметтер;

– Бас компания қызметі; басқару мәселесі бойынша кеңес беру;

– Сәулет, инженерлік іздестіру, техникалық сынақ және талдау саласындағы қызметтер;

– Ғылыми зерттеулер мен талдаулар;

– Жарнамалық қызметтер және нарықтық конъюнктураны үйрену;

– Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет;

32) әкімшілік және қосымша қызмет көрсету саласындағы қызметтер, оның ішінде:

– Жалға беру, жалға алу және лизинг;

– Жұмысқа орналастыру;

- Қауіпсіздікті және зерттеуді қамтамасыз ету бойынша қызметтер;
- Ғимараттар мен аймақтарға қызмет көрсету саласындағы қызметтер;
- Әкімшілік – басқару, шаруашылық және басқа да қосымша қызмет көрсету саласындағы қызметтер;

33) білім беру саласындағы қызметтер;

34) өнер, көңіл көтеру және демалыс саласындағы қызметтер, оның ішінде:

35) Қазақстан Республикасының заңымен тыйым салынбаған басқа қызметтер.

**2) маусымдық сипатқа ие қызмет түрлерін және эмитенттің жалпы кірісіндегі олардың үлесін көрсете отырып, эмитент қызметі түрлерінің қысқаша сипаттамасы;**

Эмитенттің қызметі маусымдық емес.

**3) эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:**

«Транстелеком» АҚ-нан басқа, Қазақстанның телекоммуникация нарығының негізгі қатысушылары «Қазақтелеком» АҚ, Beeline, «Kcell» АҚ, «KazTransCom» АҚ және «Astel» АҚ компаниялар тобы болып табылады.

«Қазақтелеком» АҚ еліміздің телекоммуникация нарығында жетекші орын алады және инфокоммуникациялық қызметтерді тұтынушылар үшін нарықтың барлық негізгі мақсаттарын қамтиды. «Қазақтелеком» АҚ сонымен қатар операторлық қызметтер нарығындағы ірі ойыншы болып табылады және ұялы байланыс нарығында Altel брендімен танымал (Tele2-мен ынтмақтастықта).

«QazCloud» ЖШС бірлескен компаниясы, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ компаниялар тобына АТ қызметтер көрсетуге бағытталған, «Қазақтелеком» АҚ 49% акциялары «Самұрық-Қазына Бизнес-Сервис» ЖШС және 51% акциялары тиесілі.

Kcell және Beeline компаниялары ұялы байланыс операторлары болып табылады және нарықтағы телекоммуникация қызметтерінің жалпы кірісінің сәйкесінше екінші және үшінші орындарды алады. Сонымен қатар Beeline операторларға кең жолақты Интернетке қол жеткізу және ақылы теледидар қызметтерін ұсынады.

«KazTransCom» АҚ - телекоммуникациялық және ақпараттық технологиялар қызметтерінің кең спектрін негізінен мұнайгаз компанияларына ұсынатын телекоммуникациялық оператор. Ұзындығы жеті мың шақырымнан асатын жердегі желілік инфрақұрылымы, сондай-ақ 300-ден астам спутниктік станциялары бар.

«Astel» АҚ - компаниялардың негізгі қызметі - Kaznet желісінің негізінде телекоммуникациялық қызметтерді ұсыну, корпоративтік деректер мен дауыстық желілерді құру, сонымен қатар қосымша қызметтер көрсету болып табылады (желіні жобалау мен жабдықты жеткізу, пайдалануға беруден бастап және тапсырыс берушілерді оқытуға дейін).

**4) эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулардың (жұмыстардың, қызметтердің) кірістілігіне оң және теріс ықпал ететін факторлар:**

Economic		
	Вероятность фактора	Влияние фактора
1. Замедление роста экономики и деловой активности.	1,9	-2
2. Нестабильность национальной валюты.	2,5	-2
3. Снижение реальных доходов населения.	1,9	-2
4. Секвестирование бюджетов на ИТ.	1,4	-3
5. Ограниченный рынок сбыта.	1,5	-1
6. Переход к сервисной модели и модели ГЧП.	1,8	3
7. Ориентация вендоров на развитие сервисов и услуг.	1,4	-2
8. Упрощение механизмов государственной гарантии.	1,3	2
9. Внедрение механизма проектного менеджмента.	1,7	-1
10. Совершенствование механизмов косвенного налогообложения.	1,2	1
11. Развитие инноваций в добывающую и перерабатывающую промышленность.	1,8	2

\* Фактордың әсер етуі – әсер ету күшін бағалау -3 бастап 3 дейін(жағымсыз әсері, жағымды әсері).

\*\* Фактордың ықтималдығы– фактордың пайда болу ықтималдығын 3 балдық шкала бойынша бағалау

Technological		
	Вероятность фактора	Влияние фактора
1. Быстрое устаревание технологий сектора ИКТ.	2	-2 1
2. Замена голосовой связи услугами передачи данных.	2	-3

Political		
	Вероятность фактора	Влияние фактора
1. Вступление РК и РФ в ВТО.	3,0	-2
2. Реализация программы «Цифровой Казахстан-2020».	3,0	3
3. Переход госорганов на сервисную модель.	2,5	-2
4. Снижение политического влияния на бизнес.	1,3	-2
5. Активное привлечение частных инвестиций.	1,6	-2
6. Открытость для иностранных инвестиций.	2,0	-2
7. Популяризация программы «Индустриализация 4.0».	1,6	1

Social		
	Вероятность фактора	Влияние фактора
1. Повышение уровня цифровой грамотности.	1,7	1
2. Популяризация использования новых технологий.	1,4	-2
3. Услуги ИКТ переходят в разряд необходимых.	1,1	-2
4. Низкий уровень демографического роста.	1,1	-1
5. Низкое качество и количество выпускников ВУЗов.	1,0	-2
6. Растущая потребность в квалифицированных кадрах.	1,0	-2
7. Возможное массовое переобучение гуманитариев.	0,9	1
8. Трудовая миграция, отток квалифицированных кадров.	2,0	-5

5) эмитенттің лицензиялары (патенттері) және олардың қолданылу кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде эмитент демеушілік көрсететін зерттеу әзірлемелеріне кеткен шығындар туралы ақпарат:

#### Эмитенттің лицензиялары

Лицензиар	Нөмері	Берілген күні	Жедел	Қызмет түрі	Әрекет ету аумағы
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат Комитеті	000677	09.11.2004	Жоқ	Халықаралық телефон байланысы	Қазақстан Республикасы
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат Комитеті	000578	09.09.2004	Жоқ	Бөлінген байланыс желісі бойынша телекоммуникация қызметтері	Қазақстан Республикасы
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат Комитеті	000564	30.06.2004	Жоқ	Жергілікті телефон байланысы	Қазақстан Республикасы
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат Комитеті	000570	30.06.2004	Жоқ	Мәліметтер беру (оның ішінде интернет және телеграф қызметі)	Қазақстан Республикасы
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат Комитеті	000595	30.06.2004	Жоқ	Ұялы телекоммуникациялық байланыс (оның ішінде радио/радиотелефон, транкингітік байланыс және пейджингітік байланыс)	Қазақстан Республикасы
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат Комитеті	000569	30.06.2004	Жоқ	Мәліметтер беру (оның ішінде интернет және телеграф қызметі)	Қазақстан Республикасы
Байланыс,	000579	30.06.2004	Жоқ	Жеке желілерді ұйымдастыру бойынша	Қазақстан

ақпараттандыру және ақпарат Комитеті				(байланыс каналдарын және инфрақұрылым желілері элементтерін жалға беру)	Республикасы
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы Комитеті және жер ресурстары басқармасы	14014979	06.10.2014	Жоқ	Құрылыс-құрастыру жұмыстары	Қазақстан Республикасы
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы Комитеті және жер ресурстары басқармасы	14013098	08.09.2014	Жоқ	Жобалау қызметі	Қазақстан Республикасы
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жұмыстары жөніндегі ҚР Агенттігі	12015021	25.10.2012	Жоқ	Іздестіру қызметі	Қазақстан Республикасы
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат Комитеті	001885	31.03.2008	Жоқ	Ір-телефония (Интернет- телефония)	Қазақстан Республикасы
Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті» мемлекеттік мекемесі	17014561	16.08.2017	2022 жылғы 16 тамызға дейін	Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету	Қазақстан Республикасы
Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті	073	14.03.2019	Жоқ	Ақпаратты таратудың техникалық арналарын және жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау қызметтерін ұсыну	Қазақстан Республикасы
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жұмыстары жөніндегі ҚР Агенттігі	13003980	25.01.2013	Жоқ	Құрылыс-құрастыру жұмыстары	Қазақстан Республикасы
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жұмыстары жөніндегі ҚР Агенттігі	13001753	25.01.2013	Жоқ	Құрылыс-құрастыру жұмыстары	Қазақстан Республикасы
Қазақстан Республикасының қорғаныс және аэроғарыш министрлігі	18021909	05.12.2018	Жоқ	Ок-дәрілерді, қару-жарақтарды және әскери техниканы, қосалқы бөлшектерді, олардың құрамдас бөліктері мен құрылғыларын, сондай-ақ монтаждауды, пайдалануға енгізуді, модернизациялауды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді қоса алғанда, оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және сату	Қазақстан Республикасы
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жұмыстары жөніндегі ҚР Агенттігі	ГСЛ 001586	24.10.2000	Жоқ	Құрылыс-құрастыру жұмыстары	Қазақстан Республикасы

Эмитенттің өз қызметін жүзеге асыруы үшін алған патенттері, сондай-ақ Эмитент демеушілік ететін ғылыми зерттеулер жоқ.

**6) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттардағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және эмитент экспортқа сататын (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) сатылатын өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі үлесі:**

Тауарлар импорты - 6% (негізгі қаражат инвестициялық жобалардан), экспорт 0%.

**7) оның қатысуымен өткен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, эмитент қызметінің тоқтатылу немесе өзгеру, эмитенттің активтерінің жалпы көлемінен 10 (он) және одан артық пайыз мөлшерінде одан ақшалай және өзге міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер:**

Эмитент эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту, ақша және басқа да міндеттемелерді өндіру тәуекеліне байланысты сот ісіне қатыспайды

**8) эмитенттің қызметіне ықпал ететін басқа тәуекел факторлары.**

Эмитенттің облигацияларды шығару бойынша міндеттемелерін толығымен орындау мүмкіндігі Эмитентке, ал Эмитент өз кезегінде оның қызметінің нәтижелеріне байланысты болады. Ықтимал инвесторлар тәуекелдің келесі факторларын және Эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындау қабілеттерін ескеруі керек. Бұл тәуекел факторлары түпкілікті болып табылмайды және осы құжаттың күніндегі қолда бар ақпаратқа және нарықтық жағдайға сәйкес жасалады. Төменде келтірілген тәуекелдердің біреуі немесе бірнешеуі туындаған жағдайда, Эмитент теріс салдарды азайту үшін барлық мүмкін шараларды қолданады. Сонымен қатар, Эмитент туындаған теріс өзгерістерді жоюға бағытталған іс-әрекеттер жағдайды түзетуге әкелетіндігіне кепілдік бере алмайды, өйткені сипатталған факторлар Эмитенттің бақылауынан тыс болып табылады. Облигация ұстаушылары келесі тәуекелдерге ұшырауы мүмкін, тек олармен шектелмейді:

**Кредиттік тәуекел**

Кредит тәуекелі - банктік заем, лизинг, факторинг, форфейтинг операцияларын, банктік кепілдік беру операциялары мен басқа да операцияларды жүргізу кезінде өзіне алынған ақша міндеттемелерін орындау бойынша шарттың (келісім-шарттың) бастапқы талаптарын клиенттердің бұзуы салдарынан болған шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі. Эмитент кредиттік тәуекелді эмитенттің жекелеген контрагенттер үшін, географиялық немесе салалық шоғырлануға қабылдауға дайын болуының максималды тәуекелін, сондай-ақ белгіленген тәуекел лимиттерін сақтауды бақылау арқылы басқарады.

**Өтімділікті жоғалту тәуекелі**

Өтімділікті жоғалту тәуекелі - Эмитенттің өз міндеттемелерін орындамауы не уақтылы орындамауына байланысты тәуекел. Эмитенттің басшылығы өтімділікті және болашақ ақша ағындары мен өтімділіктің күнделікті мониторингін ескере отырып активтерді басқарады. Бұл процесс ақша қаражатының күтілетін ағындарын және қажет болған жағдайда қосымша қаржыландыру алу үшін пайдаланылатын сапалы кепілдердің болуын қамтиды.

**Нарықтық тәуекел**

Нарықтық тәуекел - параметрлердің (валюта бағамы, сыйақы мөлшерлемесі, қаржы құралдарының құны) тиімсіз өзгеруіне байланысты шығыстардың (шығындардың) пайда болу тәуекелі.

**Валюта тәуекелі**

Валюта тәуекелі - Эмитент өз қызметін жүзеге асырған кезде шетел валюталары бағамдарының өзгеруіне байланысты болған шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі. Шығыстардың қаупі құндық көріністе валюталар бойынша Эмитенттің позицияларын қайта бағалаудан пайда болады;

**Операция тәуекелі**

Операция тәуекелі - қызметкерлердің тарапынан жіберілген ішкі процестерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктердің немесе қателердің нәтижесінде шығындардың туындау тәуекелі, ақпарат жүйесі мен технологиясының қызмет етуі, сонымен қатар сыртқы оқиғалар салдары. Эмитенттің операциялық тәуекелі қызметті ұйымдастырудағы, ақпараттық жүйелер мен технологияларды пайдалану мен олардың жұмысында,

қызметкерлердің іс-әрекеттерінде, бизнес-процестерді құру кезінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалар нәтижесінде жіберілген кемшіліктер және/немесе қателіктер нәтижесінде туындайды.

**24. Эмитент өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын көлемде оның тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер.**

**Жеткізушілер туралы ақпарат**

Қазақстандық мың теңгеде	Соммасы	сатып алудың жалпы көлеміндегі үлесі	Сатып алынатын өнімінің түрі
«ANT Technology» ЖШС (Нұр-Сұлтан)	7 960 445	17%	Құрылыс-құрастыру жұмыстары

Эмитенттің тұтынылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан да көп пайызы мөлшеріне ие тұтынушылары жоқ.

**25. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің активтері.**

**Эмитенттің активтері**

	Қазақстандық мың теңгеде	
	Баланстық құны	Активтердің жалпы сомасынан үлесі
<b>Негізгі құралдар</b>	<b>67 147 398,00</b>	<b>94,0%</b>
<i>Оның ішінде:</i>		
<i>Машиналар мен құрал-жабдықтар</i>	<i>41 842 795,00</i>	<i>62,31%</i>
<i>Ғимараттар және құрылымдар</i>	<i>2 867 113,00</i>	<i>4,27%</i>
<i>Аяқталмаған құрылыс</i>	<i>10 017 928,00</i>	<i>14,92%</i>
<i>Жер</i>	<i>189 401,00</i>	<i>0,28%</i>
<i>Басқалар</i>	<i>12 230 161,00</i>	<i>18,21%</i>

**26. Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызы мөлшердегі дебиторлық берешек:**

1) эмитент алдындағы берешегі эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) немесе одан көп пайызын құрайтын эмитент дебиторларының атауы;

2) өтеуге тиісті сомалар (келесі 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылмен көрсетіледі) және өтеу мерзімі.

Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) немесе одан көп пайызы мөлшеріндегі дебиторлық берешегі жоқ.

**27. Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің кредиторлық берешегі:**

1) эмитент кредиторларының атауы;

2) өтеуге тиісті сомалар (келесі 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылмен көрсетіледі) және өтеу мерзімі.

Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) немесе одан көп пайызын құрайтын эмитенттің кредиторлық берешегі жоқ.

**28. Эмитент левереджінің шамасы:**

Эмитенттің левередж шамасы соңғы әр аяқталған екі қаржы жылының соңғы күніндегі жағдай бойынша, сондай-ақ облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша не облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның қорытындылары бойынша эмитенттің қаржылық есептілігі проспектінің ажырамас бөлігі болса – облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша көрсетіледі

Көрсеткіш	Қазақстандық мың теңгеде		
	30.06.2019 ж.	31.12.2018 ж.	31.12.2017 ж.
Міндеттемелер	77 313 444	82 775 300	62 971 253
Меншікті капитал	27 881 746	26 139 536	24 832 163
<b>Левередж</b>	<b>2,78</b>	<b>3,17</b>	<b>2,54</b>

**29. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігі негізінде есептелген соңғы аяқталған екі қаржы жылында эмитент қызметінен алынған ақша қаражатының таза ағыны:**

Көрсеткіш	Қазақстандық мың теңгеде	
	31.12.2018 ж.	31.12.2017 ж.
Операциялық қызметтерден алынған таза ақшалай қаражат	13 340 839	8 992 427
Инвестициялық қызметтерден алынған таза ақшалай қаражат	(18 865 502)	(10 993 391)
Қаржылық қызметтен алынған/ (пайдаланылған) таза ақшалай қаражат	3 993 418	(7 699 911)
Ақшалай қаражаттардың және олардың баламасының таза өзгеруі	(1 531 245)	(9 700 875)
Жылдың басындағы ақшалай қаражат және олардың баламасы	<b>3 193 658</b>	<b>13 115 545</b>
Жылдың аяғындағы ақшалай қаражат және олардың баламасы	<b>1 612 814</b>	<b>3 193 658</b>

**30. Облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейін эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары туралы мәліметтер (өтелген және жойылған облигациялар шығарылымын қоспағанда):**

әрбір шығарылымның борыштық бағалы қағаздарының жалпы саны, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымының мемлекеттік тіркелу нөмірі және мемлекеттік тіркелу күні, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны, сондай-ақ борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақының сомасы, оларды сатып алу күнін көрсете отырып, сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны;

орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және олардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке);

егер қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын орналастыру не айналысқа енгізу тоқтатылған (жалғастырылған) жағдайда, ондай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі;

сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздары айналыста болатын нарықтар;

бұдан бұрын шығарылған, айналыстағы облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар.

Қолданылмайды. Эмитент бұрын борыштық бағалы қағаздарды шығарған жоқ.

## 11 БӨЛІМ. ЭМИТЕНТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРНАЛАСТЫРАТЫН ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ ТУРАЛЫ ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР

### 31. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

1) эмитенттен облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген мерзімде облигацияның номиналды құнын алу немесе өзге мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ облигациялардың номиналды құнынан ол бойынша белгіленген пайыз алу құқығы не облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтар;

- Осы проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде облигациялардың номиналды құнын алу құқығы;
- Осы проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде облигациялар бойынша белгіленген сыйақыларды алу құқығы;
- облигацияларды еркін сату және өзге тәсілмен иелік ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен, сондай-ақ Эмитенттің ішкі қағидаларымен және Қор биржасының ішкі құжаттарымен көзделген Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен, Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- Осы проспектіде белгіленген, облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алу үшін жария ету құқығы.
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген облигацияға меншік құқығынан шығатын өзге құқықтар.

2) эмитенттің берілген құқықты іске асыру талаптарын, тәртібі мен мерзімдерін көрсетумен, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы;

- «Құнды қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 15 бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда, облигацияларды ұстаушылар эмитентке оларға тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы. Эмитент облигацияларды ұстаушылардың талаптары бойынша - жиналған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен облигацияларды сатып алуға міндетті.

«Құнды қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 18-4 бабының 2 тармағының 1) және 2) тармақшасында көзделген жағдайлар туындаған жағдайда, сондай-ақ туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар басталған кезде, Эмитент орналастырылған облигацияларды мына бағалардың ең жоғарысы бойынша: (i) жиналған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен; (ii) облигациялардың әділ нарықтық бағасымен сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Облигациялар Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген мерзім ішінде сатып алуынуы тиіс.

Осы тармақта көзделген, оқиғалардың бірінің туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсына ([www.ttc.kz](http://www.ttc.kz)), «Қазақстан Қор биржасы» АҚ-ның интернет-ресурсына ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)), қаржылық есептілік депозитариясының интернет-ресурсына ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)), хабарламаны орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушыларды ақпараттандырады.

- а) Эмитенттің облигацияларды сатып алуына әкелетін, көрсетілген оқиғалардың қайсысы орын алғаны туралы ақпаратты;



- b) облигацияларды сатып алу туралы Эмитентке қойылатын талаптар жазылған айналым тәртібі және мерзімдерімен қоса, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыруы бойынша болуы мүмкін іс- әрекеттерінің тізімін;
- с) иную информацию по решению Эмитента, в порядке и сроки, предусмотренные внутренними корпоративными документами Эмитента, внутренними документами Фондовой биржи и нормативно-правовым актом, регулирующим порядок размещения информации на интернет-ресурсе Депозитария финансовой отчетности.

Облигацияларды ұстаушы осы тармақпен көзделген облигацияларды сатып алуға негіздемелер басталған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінің ішінде Эмитенттің мекенжайына оған тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш жолдауға құқылы. Облигацияларды ұстаушы өтінішті барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда беруге тиіс:

**Заңды тұлға үшін:** Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік (анықтама) берілген күн және берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жасатын облигациялардың саны мен түрі.

**Жеке тұлғалар үшін:** облигацияларды ұстаушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда); жеке және сәйкестендіру нөмірі; құжаттың нөмірі, берілген күні және берген орган; жеке куәлігі; тұрғылықты орны; телефоны; банк деректемелері, сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

Сатып алу туралы бірінші жазбаша талап алған күннен кейінгі 20 (жиырма) жұмыс күнінің ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу күні туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде, Эмитент облигацияларды алдағы сатып алу күні туралы Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсына ([www.ttc.kz](http://www.ttc.kz)), Қор биржасының интернет-ресурсына ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)), қаржылық есептілік депозитариясының интернет-ресурсына ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)), хабарламаны орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушыларды ақпараттандырады.

Эмитент Облигацияларды сатып алу туралы бірінші өтінішті алған күннен бастап 40 (қырық) күн ішінде облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға тиіс.

Өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш бермеген облигацияларды ұстаушылар осы облигацияларды осы шығарылымда белгіленген облигациялар айналымының мерзімі аяқталғаннан соң оларға тиесілі облигациялардың өтелуіне құқылы.

3) Осы Проспектімен көзделген, өзге құқықтар.

Осы Проспектімен көзделген, өзге құқықтар – жоқ.

### **32. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:**

<p>1) туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:</p>	<p>Дефолт - эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы. Ол басталған кезде Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар (бұдан әрі – «Дефолт оқиғасы»): «Құнды қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңында көзделген, негізгі қарызды және (немесе) купондық сыйақыны төлеу мерзімдерінде Эмитенттің облигациялар бойынша негізгі қарыз және (немесе) купондық сыйақы сомаларын төлеу міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамауы.</p>
<p>2) облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін, оның</p>	<p>Эмитенттің Облигациялар бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және Облигациялар бойынша берешекті төлеуге бағытталған Облигациялар бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда қолданатын шараларға кез келген қайта құру, ұйымдастыру, экономикалық, басқарушылық, инвестициялық, қаржылық,</p>

<p>ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар:</p>	<p>экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да шаралар жатады; облигация иелерінің құқықтарын қорғау процедуралары, оның ішінде Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары.</p> <p>Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарды Эмитент облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде Облигация ұстаушыға берген құқықтарды ескере отырып қабылдайды.</p> <p>Эмитенттің кінәсінен Облигациялар бойынша купондық сыйақылар және/немесе негізгі қарыздар төленбесе немесе толық төленбесе әрбір кешіктірген күні үшін, ақшалай міндеттемелерді немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ресми ставкасынан шығарылып есептелетін өсімақыны облигацияларды ұстаушыларға төлейді.</p> <p>Эмитент осы облигацияларды шығару проспектісі бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады, егер осы орындамаушылық еңсерілмейтін күш жағдайлары салдарынан болса. Басталуын алдын ала көру немесе алдын алу мүмкін болмаған жағдайлар (табиғи құбылыстар, әскери әрекеттер және т.б.) еңсерілмейтін күш жағдайлары ретінде түсіндіріледі. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде Эмитенттің осы облигацияларды шығару проспектісі бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар және олардың салдары әрекетте болатын уақыт кезеңіне сәйкестендіріліп ұзартылады.</p>
<p>3) эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, орындалмаған міндеттемелердің себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактісі туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі;</p>	<p>Дефолт оқиғасы басталған жағдайда, Эмитент Дефолт оқиғасы басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде, осындай факт туралы облигацияларды ұстаушыларды Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсына (<a href="http://www.ttc.kz">www.ttc.kz</a>), Қор биржасының интернет-ресурсына (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>), қаржылық есептілік депозитариясының интернет-ресурсына (<a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a>), хабарлама орналастыру арқылы ақпараттандырады, оған қоса;</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) дефолт фактісі туралы ақпаратты</li> <li>2) дефолт туындаған күнгі орындалмаған міндеттемелердің көлемін;</li> <li>3) дефолт оқиғасының туындауына келтірген міндеттемелердің орындалмау себептерін;</li> <li>4) Эмитентке қойылатын талаптар жызалған айналым тәртібі және мерзімдерімен қоса, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыруы бойынша болуы мүмкін іс-әрекеттерінің тізімін;</li> <li>5) Эмитенттің шешімі бойынша басқа ақпаратты береді.</li> </ol>
<p>4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, тұлғаның толық атауы және заңды тұлғаның (ондай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеуден өткен күні мен нөмірі.</p>	<p>Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісті түрде емес орындаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалар – жоқ.</p>

**33. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.**

Осы проспектінің 1 қосымшасы.

#### **34. Эмитенттің орналастырылатын облигацияларды сатып алуына байланысты тәуекелдер:**

**1) салалық тәуекелдер** – эмитенттің саласында бағалы қағаздар бойынша жағдайдың ықтимал нашарлауының оның қызметіне әсері және міндеттемелерін орындауы сипатталады. Эмитенттің пікірі бойынша, саладағы неғұрлым маңызды, ықтимал өзгерістер (ішкі және сыртқы нарықтарда жеке), келтіріледі.

Эмитенттің өз қызметінде қолданатын шикізатқа, көрсетілетін қызметтерге бағаның ықтимал өзгеруіне (ішкі және сыртқы нарықта жеке) байланысты тәуекелдер және олардың эмитенттің қызметіне және бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсері жеке сипатталады;

Телекоммуникациялық операторлар цифрлық технологияларға көшу, реттеуші жүктеме, кибер айқас, макроэкономикалық және саяси тұрақсыздықтың өсуіне, сондай-ақ инфрақұрылым инвестициялармен қатысты мәселелерге байланысты бизнес-тәуекелдерді атап өтті. Бұл тәуекелдер көптеген телекоммуникациялық және АТ компаниялар үшін алаңдатушылық тудырып отыр. Осы ортадағы кездесетін ерекше тәуекелдер бәсекелестіктің артуы, жаңа технологиялардың дамуы және халықтың сатып алу қабілеті болып табылады.

Жоғары бәсекелестік дамып келе жатқан тәуекелдердің бірі болып табылады. Технология саласындағы жаңа қатысушылар қолданыстағы бизнес-операциялардың қызметтерінің бағасына, пайда табу қабілеттілігіне әсер етеді, қазіргі сәтте мұндай қауіптер жоқ, өйткені «Транстелеком» АҚ (бұдан әрі – Эмитент) нарықтағы үлесі өте жоғары.

Телекоммуникациялар және IT қызметтері нарығы әлі де белгісіздікпен сипатталады және жаңа оқиғалардың салдарын көруде, атап айтқанда, жаңа шешімдерді, технологиялар мен цифрландыруды дамытуға байланысты тұтынушылардың өзгеріп отырған сұранысы артты, бұл телекоммуникациялар мен IT-компаниялардың қолданыстағы қызметтері мен кірістер ағындарына әсер ететін қауіп-қатерлерге тез әрекет етуін талап етеді.

Салалық тәуекел телекоммуникациялық және IT-компаниялардың байланыстың барлық аспектілері мен түрлеріне назар аудара отырып, әмбебаптыққа ұмтылатындығымен басқарылады. Бір провайдер интернет, телевидения, телефон және ұялы байланыс қызметін бір мезгілде ұсынады және бұл тенденция қарқындап өсіп жатыр. Мұндай стратегия ескі қызметтерді жаңа қызметтермен, шешімдермен жаңаруға бағытталған.

**2) қаржы тәуекелдері** – эмитенттің қаржылық жағдайының пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруіне, шетел валютасының айырбастау бағамына, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының нарықтық бағасына байланысты тәуекелдерге ұшырауын сипаттайды.

Эмитенттің қаржылық активтердің және эмитенттің қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігінен туындайтын міндеттемелерін толық көлемде орындалуын қамтамасыз ете алмауы (соның ішінде эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің қаржылық міндеттемелерін дереу және бір реттік орындауына болжанбаған қажеттіліктің туындауы салдарынан болған эмитенттің шығындарымен байланысты тәуекелдер жеке сипатталады.; Эмитенттің қаржылық есептілігінің қандай көрсеткіштері қаржылық тәуекелдердің ықпалының нәтижесінде өзгеріске ұшырау бейімділігі, олардың пайда болуы ықтималдығы және есептіліктегі өзгеру сипаты көрсетіледі;

Эмитенттің қызметі халықаралық клиенттермен ынтымақтастықта болуы және ірі мәмілелерге қатысуы есебінен АҚШ долларына және/немесе еуро бағамына байланысты. Қаржы нарықтарындағы дағдарыс, сыртқы шектеулер мен санкциялар Эмитенттің қарыздық қаржыландыруды тарту қабілетіне әсер етуі мүмкін. Телекоммуникациялар мен IT қызметтерінің өсу қарқыны өте маңызды. Бизнесі дамыту үшін, қаржыландырудың жаңа көздерін тарту қажет. Сондай-ақ, бұл салада өте үлкен мәмілелер мен ірі

инфрақұрылымдық жобалар бар. Бизнесі кеңейту, қызметтерді ұсыну жүйесін жетілдіру және нарыққа жаңа өнімді шығару ниеті қаржыландыруға қол жеткізуді қажет етеді, бұл үшін ақша тарту қажет, бұл ұзақ мерзімді сипаттағы және қаржылық шығындарға әкелетін пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне әкелуі мүмкін.

Эмитент кредиттік құжаттамада көрсетілген қаржылық шарттардың талаптарын сақтау мақсатында келісімдер мен несиелік келісімдердің ережелерінің орындалуын бақылайды. 2019 жылғы 30 маусымдағы қаржылық тұрақтылық туралы есепке сәйкес, қаржылық ковенанттар рұқсат етелген шамаларға сәйкес келеді. Бұл тәуекел валютадағы міндеттемелер валютадағы активтермен жабылуымен және ұлттық валютада резервтің болуымен бақыланады. Эмитенттің ағымдағы кредиттік портфелі ұлттық валютада берілген.

**3) құқықтық тәуекел** - мыналардың: Қазақстан Республикасының валюталық, салықтық, кедендік заңнамасының; эмитенттің негізгі қызметін лицензиялау бойынша талаптардың өзгеруі; эмитенттің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы; қызметті жүзеге асыру кезінде жіберілген құқықтық тұрғыдағы қателіктер (заң консультациясын қате алу немесе құжаттарды дұрыс жасамау, соның ішінде сот органдарындағы даулы мәселелерді қарастыру кезінде) салдарынан эмитентте шығындардың пайда болу тәуекелін сипаттайды;

Телекоммуникациялар мен IT салаларында негізгі проблемалар мен қауіп-қатерлер SMS-спаммен және жосықсыз контент-провайдермен күресумен; жиілікті реттеу және тарифті реттеу, сату ережелерін қатайтумен байланысты. Өз кезегінде, медиа проблемалары мен тәуекелдеріне қарама-қайшылықтар, лицензиялау, халықаралық нормалар, жарнамаларға шектеулер, жалға алынатын куәліктер және басқалары жатады, анықталған бұзушылықтар нәтижесінде айыппұл салынуы мүмкін, бұл Эмитенттің кірісіне әсер етеді. Мұндай тергеулер мен сот процестері Эмитенттің қызметіне, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін.

Эмитент белгілі бір негізгі лицензияға ие, мысалы, Қазақстан Республикасының аумағын қамтитын қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін көрсетуге лицензия. Сондай-ақ, Эмитент іздестіру, жобалау және құрылыс жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ ақпаратты криптографиялық қорғауды әзірлеуге және өткізуге (таратуды қоса алғанда) арналған лицензияларға ие. Шарттардың немесе нормативтік талаптардың болжалды бұзылуының салдарынан немесе өзге жолмен немесе жаңа міндетті лицензиялар мен рұқсаттар алу нәтижесінде осы лицензиялар мен рұқсаттардың күшін жою немесе тоқтата тұру Эмитенттің қызметіне, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне теріс әсер етеді.

Сондай-ақ, жаңа нарықтық құрылымдарда ашықтықтың болмауы операторларға өзгерістермен расталған, нормативтік-құқықтық реттеулермен ауыртпалық түсіреді.

**4) іскерлік беделінен айырылу тәуекелі (беделдік тәуекел)** – эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнім (жұмыс, көрсетілетін қызмет) сапасы немесе жалпы қызмет сипаты туралы теріс ұғым қалыптасу салдарынан эмитент клиентінің (контрагенттері) санының азаюы нәтижесінде шығынға ұшырау тәуекелінің туындауы мүмкін екені сипатталады;

Эмитент БАҚ немесе басқа ақпарат көздеріне жағымсыз жағдайда шығу арқылы өзінің беделіне зиян келтіруі мүмкін. Эмитент бизнесті жүргізудің жоғары этикалық нормаларын берік ұстанады. Алайда, Эмитенттің корпоративтік әрекетін дұрыс емес немесе негізсіз қабылдау, Эмитенттің іс-әрекетіне, қаржылық жағдайына және қызметінің нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін.

